

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 қарашада № 30721 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.06.2024 № 157 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 33) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.06.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.06.2024 № 157 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі

А. Аймағамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі
2022 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
2022 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі
2022 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
2022 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
2022 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі
2022 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
2022 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі
2022 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 24 қарашадағы
№ 473 бұйрығымен
бекітілген

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Тізбе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Оқу-ағарту министрінің 10.05.2024 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.06.2024 № 157 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
	1.Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін		
	"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170		

1	болып тіркелген) (бұдан әрі – № 500 бұйрық) бекітілген оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 348 бұйрық) бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
2	Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің болуы. Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда, штаттық педагогтердің үлесі кемінде 90%. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің педагогтердің жалпы санынан үлесі: шағын жинақталған мектептер үшін кемінде 20 %; жалпы білім беретін мектептер, кемінде 25 %. Білім беру ұйымы басшысы білімінің, жұмыс өтілінің "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік	Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 1-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Бұл ретте педагогтердің жалпы санынан штаттық

	сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 338 бұйрық) талаптарына сәйкестігі.		педагогтердің үлесі кемінде 90%.
2-1	"Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 44 бұйрық) бекітілген және "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) (бұдан әрі – 216 бұйрық) бекітілген оқулықтарға	Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Шағын жинақталған мектептер жеке кітапхана қоры болмаған жағдайда шарт/акт бойынша өзге білім беру ұйымы пайдалануға берген оқу

	сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы. Болжамды білім алушылар контингентіне арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығының болуы.		және көркем әдебиетті пайдаланады.
3	Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. "Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32069 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 37 бұйрық) сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы. Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған жағдайда, білім беру ұйымын өндірістік база ретінде көрсете отырып, лицензияға қосымшаның болуы.	Ғимараттардың (оқу корпустарының) медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі	Оқу корпустарын ішкі өткелдермен қосқан жағдайда бір медициналық пункттің болуына жол беріледі. Шағын жинақталған мектептер үшін медициналық пункті болмаған жағдайда медициналық қызмет көрсетуді алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) бекітілген Санитариялық қағидаларға (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) сәйкес денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.
	№ ҚР ДСМ-76 бұйрығы және "Қоғамдық		

тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ 16 бұйрық) бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар тамақтандыру объектісінің (оқу корпусында) болуы. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарттың болуы.	Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің және тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі.	Тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушының тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының болуы.
№ ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға және "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 55 бұйрық) бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Меншік немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірмелері, оның ішінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі.	

және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және/ немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың, теміржол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын және/немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.

Әрбір ғимаратқа (оқу корпусына), санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес объектінің (әрбір оқу корпусына) өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне бақылау объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау немесе тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі. Жаңадан ашылатын білім беру ұйымдары үшін өрт аудитінің қорытындысы (біржолғы қорытынды), объектіні пайдалануға беру актісі, оның ішінде № 55 бұйрықтың 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды тағайындау туралы бұйрықтың, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың көшірмелері, эвакуациялау жоспары, бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз көлемі.

"Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 70 бұйрық) бекітілген нормаларына

сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы;

№ 348 бұйрыққа және "Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – 385 бұйрық) бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы;

edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;

№ 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;

№ 385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы;

№ ҚР ДСМ-76 бұйрықпен бекітілген санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес ауыз су режимін ұйымдастыру;

білім беру ұйымында ауысымдағы контингент саны 400 – ге дейін оқушылар болған кезде

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5, 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.

Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарактандыру туралы біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.

Компьютерлік сыныптармен, оқу кабинеттерімен жарактандырылуы туралы, edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы, іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы біліктілік талаптары шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.

Шағын жинақталған мектептерде бейімделген спорт залының болуына рұқсат беріледі; кәріссіз жерлерде жылы санитариялық тораптарды орнатуға (75 адамға 1) және құймалы қолжуғыштарды орнатуға (30 адамға 1) рұқсат беріледі.

Жаңадан құрылған білім беру ұйымдарында жеке

	интернет желісіне қол жеткізудің ең аз жылдамдығы кемінде 20 Мбит/с; контингент саны 400 оқушыдан көп болған кезде интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығы бір ауысымдағы контингент санын ескере отырып, әрбір 20 оқушыға 1 Мбит/с артады. Ғимаратта № ҚР ДСМ-76 -бұйрығына сәйкес келетін санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуатын раковиналар) болуы. Білім беру ұйымдары үшін "Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.		пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың саны болжамды қабылдау бойынша, жұмыс істеп тұрған білім беру ұйымдарында контингенті бойынша айқындалады.
	"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының		Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың біліктілігін арттыру

6-1	18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін артуыды қамтамасыз ету кемінде үш жылда бір рет , және 36 сағатты құрауы тиіс. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейіні бойынша және менеджмент саласында біліктілікті арттыру - кемінде үш жылда бір рет .	Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес соңғы бес жылда біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес немесе оқыту әдістемесі бойынша жүргізіледі. Біліктілік талаптары ж ұ м с қ а орналастырылғаннан кейін кемінде үш жыл еңбек қызметін жүзеге асыратын педагогтерге қолданылмайды. Менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарының болуы білім беру ұйымын басқару ерекшелігіне байланысты шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.
7	"Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 570 бұйрық) бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес өзекті дерекқорлары бар "Ұлттық білім беру деректер қоры" (бұдан әрі – ҰБДҚ) және әкімшілік деректері ҰБДҚ-мен сәйкес келетін білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	
	"Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагог		

7-1	калық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 6 бұйрық) ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар құру.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Шағын жинақталған мектептер үшін бұл талап осы санаттағы адамдар болған жағдайда қолданылады.
	2. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін		
8	№ 500 бұйрықпен бекітілген оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және № 348 бұйрықпен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
	Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы. Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда, негізгі білім беру деңгейіндегі штаттық педагогтердің үлесі педагогтердің жалпы санының кемінде 90% құрауы. Педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын жинақталған		

9	мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда). Білім беру ұйымы басшысының білімінің, жұмыс өтілінің № 338 бұйрық талаптарына сәйкестігі.	Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 1-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Бұл ретте педагогтердің жалпы санынан штаттық педагогтердің үлесі кемінде 90%.
9-1	№ 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы. Болжамды білім алушылар контингентіне	Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына	Шағын жинақталған мектептер жеке кітапхана қоры болмаған жағдайда шарт/акт бойынша өзге білім беру ұйымы пайдалануға берген оқу

	арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығының болуы.	2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	және көркем әдебиетті пайдаланады.
10	Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның немесе № 37 бұйрыққа сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы. Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен Медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған жағдайда, білім беру ұйымын өндірістік база ретінде көрсете отырып, лицензияға қосымшаның болуы.	Ғимараттардың (оқу корпустарының) медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі.	Оқу корпустарын ішкі өткелдермен қосқан жағдайда бір медициналық пункттің болуына рұқсат беріледі. Шағын жинақталған мектептер үшін медициналық пункті болмаған жағдайда медициналық қызмет көрсетуді алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға сәйкес денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады. Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
11	№ ҚР ДСМ-76 бұйрығы және № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар тамақтандыру объектісінің (оқу корпустарында) болуы. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарттың болуы.	Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің және тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі.	Тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушының тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының болуы. Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
		Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы,	

№ ҚР ДСМ-76-бұйрығын а сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне және № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және/ немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың, теміржол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын және/немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.

ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Меншік немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірмелері, оның ішінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі. Әрбір ғимаратқа (оқу корпусына), санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес объектінің (әрбір оқу корпусына) өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне бақылау объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау немесе тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі. Жаңадан ашылатын білім беру ұйымдары үшін өрт аудитінің қорытындысы (біржолғы қорытынды), объектіні пайдалануға беру актісі, оның ішінде № 55 бұйрықтың 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды тағайындау туралы бұйрықтың, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың көшірмелері, эвакуациялау жоспары,

		бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз көлемі.	
13	№ 70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы; № 348 және № 385 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы; шағын жинақталған мектептер үшін-физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықтардың болуы жеткілікті; edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы; № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы; №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес ауыз су режимін ұйымдастыру ; білім беру ұйымында аусымдағы контингент саны 400–ге дейін оқушылар болған кезде интернет желісіне қол жеткізудің ең аз жылдамдығы кемінде 20 Мбит/с; контингент саны 400 оқушыдан көп болған кезде интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығы бір аусымдағы контингент санын ескері отырып, әрбір 20 оқушыға 1 Мбит/с артады.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5, 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақтандыру туралы біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. Компьютерлік сыныптармен, оқу кабинеттерімен жарақтандырылуы туралы, edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы, іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы біліктілік талаптары шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды. Шағын жинақталған мектептерде бейімделген спорт залының болуына рұқсат беріледі; кәрісіз жерлерде жылы санитариялық тораптарды орнатуға (75 адамға 1) және құймалы қолжұғыштарды орнатуға

	Ғимаратта № ҚР ДСМ-76 -бұйрығына сәйкес келетін санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуатын раковиналар) болуы. Білім беру ұйымдары үшін № 117 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.		(30 адамға 1) рұқсат беріледі.
13-1	"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету кемінде үш жылда бір рет , және 36 сағатты құрауы тиіс. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейіні бойынша және менеджмент саласында біліктілікті арттыру - кемінде үш жылда бір рет .	Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес соңғы бес жылда біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың біліктілігін арттыру оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес немесе оқыту әдістемесі бойынша жүргізіледі. Біліктілік талаптары ж ұ м ы с қ а орналастырылғаннан кейін үш жыл ішінде еңбек қызметін жүзеге асыратын педагогтерге қолданылмайды. Менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарының болуы білім беру ұйымын басқару ерекшелігіне байланысты шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.
	№ 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің,	

14	нысандарына сәйкес өзекті дерекқорлары бар ҰБДҚ және әкімшілік деректері ҰБДҚ-мен сәйкес келетін білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.	техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
14-1	№ 6 бұйрыққа сәйкес ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар құру.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. Шағын жинақталған мектептер үшін бұл талап осы санаттағы адамдар болған жағдайда қолданылады.
3. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
15	№ 500 бұйрықпен бекітілген оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және № 348 бұйрықпен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
	Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы. Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда, жалпы орта білім беру деңгейіндегі штаттық педагогтердің үлесі		

педагогтердің жалпы санының кемінде 90% құрауы.

Педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі: шағын жинақталған мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).

Білім беру ұйымы басшысының білімінің,

Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 1-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша.

Бұл ретте штаттық педагогтардың үлесі педагогтердің жалпы

	жұмыс өтілінің № 338 бұйрық талаптарына сәйкестігі.		санының кемінде 90% құрауы тиіс.
16-1	№ 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы. Болжамды білім алушылар контингентіне арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығының болуы.	Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Шағын жинақталған мектептер жеке кітапхана қоры болмаған жағдайда шарт/акт бойынша өзге білім беру ұйымы пайдалануға берген оқу және көркем әдебиетті пайдаланады.
17	Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның немесе № 37 бұйрығына сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы. Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған жағдайда, білім беру ұйымын өндірістік база ретінде көрсете отырып, лицензияға қосымшаның болуы.	Ғимараттардың (оқу корпустарының) медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі	Оқу корпустарын ішкі өткелдермен қосқан жағдайда бір медициналық пункттің болуына жол беріледі. Шағын жинақталған мектептер үшін медициналық пункті болмаған жағдайда медициналық қызмет көрсетуді алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға сәйкес денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады. Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
	№ ҚР ДСМ-76 бұйрығы және № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның	Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің және тамақтану объектісіне	Тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушының тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының болуы.

18	санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар тамақтандыру объектісінің (оқу корпустарында) болуы. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарттың болуы.	санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі.	Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
19	№ ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне және № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және/ немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың,	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Меншік немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірмелері, оның ішінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі. Әрбір ғимаратқа (оқу корпусына), санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес объектінің (әрбір оқу корпусына) өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне бақылау объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау немесе тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі. Жаңадан ашылатын білім беру ұйымдары үшін өрт аудитінің қорытындысы (біржолғы қорытынды), объектіні пайдалануға беру актісі, оның ішінде	

	теміржол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын және/немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.	№ 55 бұйрықтың 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды тағайындау туралы бұйрықтың, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың көшірмелері, эвакуациялау жоспары, бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз көлемі.	
20	№ 70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы; № 348 және № 385 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы; шағын жинақты мектептер үшін-физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықтардың болуы жеткілікті; edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы; № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы; №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес ауыз су режимін ұйымдастыру ; білім беру ұйымында аусымдағы контингент саны 400 –ге дейін оқушылар болған кезде интернет желісіне қол	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақтандыру туралы біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. Компьютерлік сыныптармен, оқу кабинеттерімен жарақтандырылуы туралы, edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы, іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы біліктілік талаптары шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.

	жеткізудің ең аз жылдамдығы кемінде 20 Мбит/с; контингент саны 400 оқушыдан көп болған кезде интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығы бір аусымдағы контингент санын ескере отырып, әрбір 20 оқушыға 1 Мбит/с артады. Ғимаратта № ҚР ДСМ-76 -бұйрығына сәйкес келетін санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуатын раковиналар) болуы. Білім беру ұйымдары үшін № 117 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.	осы біліктілік талаптарына 5, 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Шағын жинақталған мектептерде бейімделген спорт залының болуына рұқсат беріледі; кәрізсіз жерлерде жылы санитариялық тораптарды орнатуға (75 адамға 1) және құймалы қолжуғыштарды орнатуға (30 адамға 1) рұқсат беріледі.
20-1	"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету кемінде үш жылда бір рет , және 36 сағатты құрауы тиіс. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейіні бойынша және менеджмент саласында біліктілікті арттыру - кемінде үш жылда бір рет .	Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес соңғы бес жылда біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың біліктілігін арттыру оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес немесе оқыту әдістемесі бойынша жүргізіледі. Біліктілік талаптары ж ұ м ы с қ а орналастырылғаннан кейін үш жыл ішінде еңбек қызметін жүзеге асыратын педагогтерге қолданылмайды. Менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарының болуы білім беру ұйымын басқару ерекшелігіне байланысты

			шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.
21	№ 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес өзекті дерекқорлары бар ҰБДҚ және әкімшілік деректері ҰБДҚ-мен сәйкес келетін білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
21-1	№ 6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. Шағын жинақталған мектептер үшін бұл талап осы санаттағы адамдар болған жағдайда қолданылады.
4. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
	№ 348 бұйрықпен бекітілген Техникалық	"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан	Оқу жоспарының Денсаулық кодекстің 221-бабының 2-тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі

және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес келетін білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының болуы. Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар үшін Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодекстің 221-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Денсаулық кодексі), үлгілік оқу жоспарларына (болған жағдайда), кәсіби стандартқа (болған жағдайда) (қазақ және орыс тілдерінде) сәйкестігі. "Педагог" кәсіби стандартқа сәйкес білім беру саласында мамандар даярлау үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламаларының сәйкестігі. Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін діни қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісілген жалпы білім беретін және діни пәндерді қамтитын білім беру бағдарламаларының болуы.	Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30099 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 417 бұйрық) қазақ және орыс тілдерінде QR (Кюар) код берілген тіркеу нөмірі. Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар үшін "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28716 болып тіркелген) (бұдан әрі - ДСМ-63), Денсаулық кодекстің 221 - бабының 2-тармағына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі оқу жұмыс жоспарының көшірмелері . Білім беру саласында мамандарды даярлау үшін "Педагог" кәсіби стандартына сәйкес № 417 бұйрықпен бекітілген QR (Кюар) код берілген тізілімнің тіркеу нөмірі. Діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жалпы	туралы біліктілік талабы "Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10916 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 139 бұйрық) эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға мәлімделген жағдайлар бойынша, сондай-ақ қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарында адамдарды оқыту үшін және ерекше білім беруді қажет ететін
---	--	---

		білім беретін және діни пәндерді қамтитын білім беру бағдарламаларының көшірмелері және діни қызмет саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларына қорытынды-хаттың көшірмесі.	адамдарды оқыту үшін қолданылмайды.
	Мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын, бітіру жылы ішінде білім беру саласындағы мамандығы бойынша бітірушілердің кемінде 90%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 б ұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу		

тізілімінде № 17564 болып тіркелген) (бұдан әрі - Сынаптауышы) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышында көрсетілген білім беру саласында мамандар даярлау үшін кемінде білім беру саласында уәкілетті органның 5 мамандық бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының және біліктіліктерінің Сыныптауышында көрсетілген денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлау үшін, бітіру жылы ішінде денсаулық сақтау саласындағы мамандық бойынша бітірушілердің кемінде 90%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, кемінде денсаулық сақтау саласындағы 4 мамандық бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.	Жұмыс орнынан
--	---------------

		растайтын құжаттың көшірмесі	
24	Жаңадан ашылатын білім беру ұйымдарын қоспағанда, колледждер дайындайтын мамандық біліктіліктері бойынша білім алушыларды қабылдауды 3 жылда кемінде 1 рет жүзеге асыруы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Біліктілік талаптары әскери арнаулы оқу орындарына, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанынан орналастырылған білім беру ұйымдарына және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алған кезде қолданылмайды.
